Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Каражанбасмунай", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге (бұдан әрі – Қызметтер) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы _____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда толтырылады).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Келісім-шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Келісім-шарт жасасу кезінде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды толық көлемде көздеуге мүмкіндік болмаған жағдайларда да. Егер Қызметтерді аяқтау үшін қажетті, бірақ Келісім-шартта ескерілмеген Қызметтер көлемі анықталған жағдайда, Орындаушы осы анықталған, Келісім-шартқа қосымшаларда көзделмеген қызметтерді өз күшімен және барынша мүмкін болатын қысқа мерзімде, Орындаушының көзделмеген шығыстары есебінен, Келісім-шарттық соманы ұлғайтпай орындайды. Кез келген жағдайда Орындаушыда жоғарыда көрсетілген анықталған қызметтер көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

2.1.2. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығыстардан аз болған және Орындаушы алған үнемдеу көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең мөлшерде бөлу туралы талап қоюға құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Аралық төлем қарастырылған Келісім-шарттар бойынша:

2.3.1.1. Көрсетілген Қызметтердің орындалған көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған көрсетілген Қызметтерді көрсету актісінің / Қызметтерді көрсету кезекті кезеңі бойынша көрсетілген Қызметтерді көрсету актісінің қол қойылған күнінен бастап, оның негізінде шот-фактура / төлемге арналған шот (инвойс) жазылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған әрбір құжатта Келісім-шарт нөмірі көрсетілуі тиіс.

2.3.1.2. Көрсетілген Қызметтердің орындалған көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Орындаушының Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін 100 (жүз) % орындағаннан кейін, Келісім-шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

2.3.2. Егер Келісім-шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, мұндай алдын ала төлем Орындаушының төлемге арналған шотты және Келісім-шартта айқындалған аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап, Келісім-шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейінгі мерзімге жарамды, 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Аванстық төлем (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме Орындаушыға Қағидалардың 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда қолданылмайды. Келісім-шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванс төленбестен жүзеге асырылады. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Келісім-шарт бойынша орындалған Қызметтердің толық көлемі бойынша ел ішіндегі құн үлесін есептеу электрондық құжат нысанында («Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды жүзеге асыратын ақпараттық жүйесінде ұсынылады) (бұдан әрі – Веб-портал) қорытынды Қызмет көрсету актісімен бірге жүзеге асырылады;

2.4.2. Қызметтерді көрсету актісі;

2.4.3. Акт_____ (қажет болған жағдайда, Қызметтерді көрсету кезінде басқа актілерді де көрсетуге болады, мысалы: дезактивация актісі, жою актісі және т.б.);

2.4.4. Шот-фактура;

2.4.5. Өзара есеп айырысу актісі (соңғы есеп жүргізілген кезде рәсімделеді), ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/Шот-фактура Қызметтерді көрсету актісіне негізделіп шығарылады және ол жүзеге асырылған сауда айналымының күніне (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес) дейін емес және Қызметтерді көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күннен кешіктірілмей рәсімделуі тиіс. 2.7. Егер Тапсырыс беруші кез келген шотты толық немесе ішінара талқылауға шығараса, Тапсырыс беруші дереу Орындаушыға бұл туралы хабарлауы тиіс, ал Орындаушы да Тапсырыс берушінің пайдасына даулы мәселені шешу кезінде, дау туындамаған соманың бөлігінен жаңа шот-фактура шығарады. Тапсырыс беруші мен Орындаушы барлық талас туындаған сомаларды дереу шешу және оларды түзету үшін барлық мүмкіндікті қолдануы тиіс. 2.8. Кез келген шот-фактураның төленгендігі, төленбегендігі немесе төлемге қарсы шығу фактісі, кез келген төлемдер немесе есеп айырысу әрекеттері, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушы шот-фактураларын мойындағанын білдірмейді. Тапсырыс берушінің кез келген төлемі, келешекте шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігін талқылау құқығын сақтай отырып жүргізіледі. 2.9. Келісім-шарт бойынша соңғы есеп жүргізілмей тұрып, Тараптар Тапсырыс беруші ұсынған үлгі бойынша өзара есеп айырысу актісіне қол қояды. Орындаушы өзара есеп айырысу актісіне 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қойып, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. 2.10. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушіге Келісім-шарттар мен/немесе мәмілелер бойынша төленетін соманы біржақты түрде азайтуға (өзара есеп айырысу тәртібі бойынша) құқығы бар екенін қабылдайды. Азайтылатын сомаға мыналар жатады: - Орындаушының міндеттемелерін орындамау немесе дұрыс орындамау салдарынан Тапсырыс беруші белгіленген айыппұлдар және/немесе зияндарды; - Төленген аванстық төлемдер (алдын ала төлемдер); - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті кез келген қарыздары. 2.11. Осы Келісім-шарт бойынша жасалған төлемдер ең алдымен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде анықталғандай Орындаушыға көрсетілген Қызметтер үшін төленетін қарызды өтеуге бағытталады. 2.12. Осы Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасында Орындаушыға ақша аударумен байланысты шығындарды Тапсырыс беруші көтереді, ал Қазақстан Республикасынан тыс аударымдарға байланысты барлық басқа шығындарды, оның ішінде, бірақ тек олармен шектелмей, банк-корреспонденттердің комиссияларын Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушіге ақша аударумен байланысты барлық шығындарды өз мойнына алады. 2.13. Тапсырыс беруші төлемнің кешігуі үшін жауапкершілік көтермейді, егер бұл құжаттар пакетін, оның ішінде өзара есеп айырысу актісін, дұрыс рәсімдемеу немесе уақытында ұсынбау салдарынан туындаса. 2.14. Келісім-шарт бойынша төлем _____ арқылы Орындаушының 17-бөлімде көрсетілген есепшотына аударым жасау арқылы жүзеге асырылады. 2.15. Тапсырыс беруші мен Орындаушының банк реквизиттері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін алдын ала, мұндай өзгерістен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Егер Орындаушы төлем жасау үшін реквизиттерді дұрыс көрсетпеген немесе хабарландыру мерзімі бұзылған салдарынан төлемдер дұрыс емес реквизиттер бойынша жасалса, Тапсырыс беруші өзінің төлем міндеттемелерін дұрыс орындаған болып саналады. Сол кезде, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есепшотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшаны Орындаушыға аударуға міндетті, бірақ қосымша шығындарды біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы, бұл шығындар дұрыс емес реквизиттер бойынша аударым жасаған салдарынан туындаған. 2.16. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, төлем Орындаушы ұсынған төлем шоты/инвойсы негізінде жүзеге асырылады (шот-фактура жасалмайды), төлем көзі бойынша ұсталып қалатын корпоративтік табыс салығы шегерілгеннен кейін. Сонымен қатар, Орындаушы құқылы: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстарына салық салудың өзге де қағидалары көзделген болса, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын дербес қайтаруды жүзеге асыруға, немесе - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасынан алынған табыстар мен ұсталған (төленген) салық сомалары туралы салық органынан анықтама алу үшін, бұл анықтама Орындаушының резидент еліне есептеу мақсатында қажет болады. Анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де ала алады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және екі жақты салық салудан аулақ болуға арналған халықаралық келісімдерде (бұдан әрі – Конвенциялар), сонымен қатар салық салуды бұрмалау мен пайда шығарып алу әрекеттерін болдырмауға қатысты шараларды іске асыруға арналған Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) ескере отырып, белгілі талаптар мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

критерийлер орындалған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасында Орындаушының табыстарын салықтан босату немесе оларға төмендетілген ставканы қолдану туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы. 2.17. Тапсырыс берушінің MLI қолданылған жағдайда оны ескере отырып Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастыруы үшін, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс беруші белгілеген талаптарға және мерзімдерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынған ақпарат пен растайтын құжаттар негізінде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрған-құрмағанын тексереді. Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрғаны анықталған жағдайда, сондай-ақ Орындаушы ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған немесе оларды толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының табыстарына қатысты төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану немесе оларды Қазақстан Республикасында салық салудан босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы болмайды және Орындаушыға табыс төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстайды. 2.18. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ адамдар, Орындаушының қызметкерлері және (немесе) орындаушылары (қоса орындаушылары), не Орындаушының қоса орындаушысының (қоса орындаушыларының) қызметкерлері болып табылатын, Орындаушы осы Келісім-шарт шеңберінде тартқан тұлғалар (бұдан әрі – қызметкер(лер)), ағымдағы салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде болатындар деп танылса (яғни Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, осы Келісім-шартқа қол қойылған, осы Келісім-шарт қолданылатын немесе көрсетілген Қызметтерді көрсету актісі(лер)не қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кезеңде кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған жағдайда), мұндай қызметкерлердің табыстары Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығымен (бұдан әрі – ЖТС) салық салуға жатады. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ты уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың төменде көрсетілген тармақшаларында белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады. 2.18.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Қызметтер үшін әрбір төлем жасаған кезде, әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызынан 10 пайыз мөлшерінде есептелген соманы қызметкерлердің табыстарынан ЖТС төлеу есебіне ұстап қалады. 2.18.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге барлық Қызметкерлер туралы деректерді көрсететін форма бойынша ақпаратты, Қызметкерлердің паспорттарының көшірмелері (немесе заңнамада көзделген басқа жеке басын куәландыратын құжаттар), Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткендігі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің мөрімен расталған құжаттар және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын басқа құжаттармен бірге ұсынады, төмендегідей мерзімдерде: (1) Келісім-шартқа қол қойылған сәтте (ақпарат Келісім-шартқа қол қойылған күнге дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап келісім-шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңді қамтуы тиіс); (2) Әр Қызметтерді көрсету актісіне қол қойылған күнде (ақпарат тиісті актіге қол қойылған күнге дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап актіге қол қойылған күнге дейінгі кезеңді қамтуы тиіс). Аталған құжаттар Тапсырыс берушіге әр Қызметкердің Қазақстан Республикасының аумағында кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күн болғанын (келу және кету күндерін қосканда) анықтау, сондай-ақ ЖТС сомасын есептеу үшін ұсынылады. 2.18.3. Қазақстан Республикасының аумағында ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша, Қызметтерді көрсету актісімен бір мезгілде төмендегі құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір қызметкермен жасалған жеке еңбек Келісім-шартының (шарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы Келісім-шарттың нотариат куәландырған көшірмесі; 2. Орындаушының резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, қызметкердің еңбек Келісім-шарты және (немесе) қызметкермен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы Келісім-шарт шеңберінде жалдамалы жұмысынан алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжат. 2.18.4. Осы Келісім-шарттың 2.18.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Келісім-шарттың 2.18.2 және 2.18.3-тармақшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде соңғы Қызметтерді көрсету актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Орындаушыға (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Қайтарылатын ЖТС сомасын Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.18.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Келісім-шарттың аяқталған күніне төмендегі Келісім-шарттардың бір мезгілде орындалуы жағдайында айқындайды: (1) барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.18.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған болса; (2) Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.18.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылған болса. 2.18.5. Қайтарылуға жататын ЖТС сомасы төмендегідей тәртіппен айқындалады: ЖТСқайтар = ЖТСұст – ПДР × 10%, мұнда: ЖТСқайтар – Орындаушыға қайтарылуға жататын ЖТС сомасы; ЖТСұст – осы Келісім-шарттың 2.18.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы; ПДР – ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлердің табыстары, егер бұл табыстар Келісім-шарттың 2.18.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса. Табыс сомасы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болудың күнтізбелік күндерінің санына қарай айқындалады. 2.18.6. Орындаушы Келісім-шарттың 2.18.2 және 2.18.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы Келісім-шарт тармағының 2.18.2-тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген қызметкерлердің кемінде біреуі ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталып, алайда ол қызметкер бойынша Келісім-шарттың 2.18.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.18.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалған ЖТС-тың бүкіл сомасы Орындаушыға қайтарылуға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Орындаушы осы Келісім-шарттың осы тармағын тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. 2.19. Қазақстан Республикасының салықтарға, алымдарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді. 2.20. Осы Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелерге қарамастан, егер Қазақстан Республикасы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ратификациялаған халықаралық Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда көрсетілген Келісім-шарттың қағидалары қолданылады. 2.21. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартының Келісім-шарттарымен таныс екенін және оларды қабылдайтынын растайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері осы Келісім-шарттың 9-қосымшасында көрсетіледі, ал қызмет көрсету шарттары, көлемі және орны 1 және 2-қосымшаларда анықталады. Орындаушы көрсетілген қызметтерді Күнтізбелік кестеде белгіленген басталу күнінен немесе көрсетілген мерзімнен бастап, кешіктірмей [Күндер саны] ([сөзбен]) жұмыс күнінің ішінде бастауға міндетті. 3.2. Қызметтер №1, №2 және №9-қосымшаларға сәйкес Келісім-шартқа және Орындаушының көрсеткен қызметтерінің көлемі мен сапасына сай Қызметтерді көрсету актісі арқылы Тапсырыс беруші тарапынан қабылданады. Қызмет көрсету күні ретінде Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету актісін қол қойған күн есептеледі. 3.3. Келісім-шарт бойынша қызмет көрсету басталар алдында Орындаушы Тапсырыс берушіден өзіне және өзіне тартылған қосалқы орындаушыларға Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс беруші аумағына кіруге Рұқсат-хат алуға міндетті. «Рұқсат-хат» – Орындаушыға (бірлесіп орындаушыға) қызмет көрсету үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіруге құқық беретін және Орындаушының (қосалқы орындаушының) Келісім-шарт талаптарына сәйкестігін растайтын құжат (Тапсырыс беруші белгілеген үлгіде). 3.4. Рұқсат-хат алу үшін Орындаушы Келісім-шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық спецификация талаптарына сәйкес Орындаушының Келісім-шарт талаптарына сай жабдықталғанын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін, қосалқы орындаушы қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат құжаттарын, соның ішінде лицензиялар, көрсетілетін Қызметтерге сертификаттар, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар және Келісім-шарт бойынша талап етілетін өзге де рұқсат құжаттарын, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Тапсырыс берушінің Орындаушының өндірістік базасына барып, жабдықталудың Келісім-шарт талаптарына сәйкестігін тексеруіне мүмкіндік беруге міндетті. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру нәтижесінде Орындаушының мәлімделген жабдықталуы расталмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Рұқсат-хат беруден бас тартатыны туралы жазбаша жауап береді және бұл бас тарту сәйкессіздіктер жойылғанға дейін қолданылады, осы ретте Орындаушы Келісім-шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 8.3.2-тармағына сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіпте бұзу құқығына ие. 3.5. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін қосалқы орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) бере алатын Қызметтердің шекті көлемдері Келісім-шарттың Қосымша №2-сінде көрсетіледі және жалпы Қызмет көлемінің төрттен бір бөлігінен аспауы тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Келісім-шарттың жалпы сомасы бойынша баға кестесін ұсынуға және Баға кестесін осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдау туралы Тапсырыс берушімен қосымша келісім жасауға міндетті. Орындаушы әзірлеген баға кестесіне сәйкес Қызметтер көрсетілетін жағдайларда, баға кестесі Тапсырыс беруші оны бекіткен сәттен бастап заңдық күшке енеді және Келісім-шарттың бір бөлігі болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Қызметтер көрсетілгені туралы соңғы Актпен бірге Келісім-шарттағы барлық Қызметтер көлеміне (санына) қатысты елішілік құндылық үлесінің есебін электрондық құжат түрінде (Веб-порталда ұсынылады) Келісім-шартқа Қосымша №3-ке сәйкес нысан бойынша ұсынуға. Егер Келісім-шарт ұзақ мерзімді болса (он екі айдан асатын мерзімге жасалған немесе Қызметтер көрсету келесі күнтізбелік жылға өтетін болса), Орындаушы Келісім-шарт қолданылу кезеңінде әр күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін өткен күнтізбелік жыл үшін көрсетілген Қызметтер көлемінің елішілік құндылық үлесіне қатысты аралық нақты есепті/есеп-қисапты ұсынуға міндетті;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Қызметтерді білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.11. Келісім-шарт шарттарына және оған қосымшаларына сәйкес Қызметтерді дұрыс және уақытылы көрсетуін қамтамасыз ету;

4.1.12. Келісім-шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін, Орындаушы өзінің міндеттемелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі бар мамандарды тартуы, сондай-ақ келесі материалдар мен жабдықтарды пайдалануы тиіс: - сапасы талапқа сай, Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес, соның ішінде материалдар мен жабдықтардың тасымалдау және тиеу-түсіру кезінде сақталуын қамтамасыз ету; - Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға арналған материалдар мен жабдықтар (Қызметтердің нәтижесі ретінде Тапсырыс берушіге берілетін) қандай да бір міндеттемелер мен шектеулерден бос болуы;

4.1.13. Қазақстандық қызметкерлерге және қызметке тартылған шетелдік қызметкерлерге тең еңбек жағдайларын және еңбекақысын қамтамасыз ету, соның ішінде:

4.1.13.1. Орындаушының қызметкерлері мен оның қосалқы орындаушылары арасында, Қазақстан азаматтары мен шетелдік азаматтар арасында, еңбекақы төлеу саласында дискриминацияға жол бермеу;

4.1.13.2. Тапсырыс берушінің талабымен орындаушының және оның қосалқы орындаушыларының міндеттерін орындауда қатысқан қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты, соның ішінде олардың азаматтығын көрсету;

4.1.14. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде орындаушының қызметкерлері Тапсырыс берушінің өту және объект ішіндегі режим талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4.1.15. Келісім-шарт бойынша көрсетілген қызметтерді Қызметтерді көрсеткені туралы акті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Тапсырыс берушіге тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура төлеу;

4.1.16. Егер Орындаушы қосалқы орындаушыларды тартса, олардың қатысуын ескере отырып көрсетілген Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі бойынша есеп беруді қамтамасыз ету;

4.1.17. Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі туралы берілген ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету;

4.1.18. Келісім-шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық Қызметтердің уақытында және сапалы орындалмауына, сондай-ақ Келісім-шартқа (Қызметтерді орындау кестесі – Қосымша №9, техникалық сипаттама – Қосымша №2) сәйкес орындалмағанына қатысты Тапсырыс беруші алдында жауапкершілік көтеру;

4.1.19. Егер Келісім-шартта басқаша көрсетілмеген болса, Қызметтерді өз күшімен, сондай-ақ Қосалқы орындаушылардың күшімен және құралдарымен (егер қосалқы орындаушыларды тарту шарттары тендерлік құжаттама мен тендерге қатысу өтінішінде және/немесе Келісім-шартқа қосымша болып табылатын техникалық сипаттамада көрсетілген болса) орындау; тендерлік өтінішке енгізілген жабдықпен, техникалық құралдармен, ғимараттармен, орындармен, бағдарламалық қамтамасыз етуімен; өз материалдары мен құрал-жабдықтары (құралдар мен механизмдер, көлік, арнайы техника, аспаптар, жанармай және майлау материалдары және т.б.) арқылы. Қызметтер Орындаушы тарапынан қолданыстағы нормалар мен ережелерге, техникалық шарттарға сәйкес орындалып, Қызметтер аяқталғаннан кейін өз қосалқы жабдықтарын жұмыс алаңынан шығару қажет;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.20. Өз қаражатына Орындаушы (қосалқы орындаушылар) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруы мен тамақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ техника, жабдықтар мен материалдарды кез келген орнынан Қызмет көрсету орнына және кері қайтару үшін мобилизациялау және демобилизациялау; егер Келісім-шартта басқаша көрсетілмесе. Өз жабдықтары мен техникаларын жақсы жағдайында ұстау, қызмет көрсету орнында кез келген уақытта жеткілікті запас бөлшектер, жабдықтар және материалдар болуын қамтамасыз ету;

4.1.21. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Орындаушы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара ешбір тұлғаға бермейді, тек тендерлік өтінімде көрсетілген бірлесіп орындауға рұқсат етілген ауқым шеңберінде ғана беру мүмкін;

4.1.22. Келісім-шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда, олар тартылған сәтте Келісім-шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсыну. Бірлесіп орындаушылардың болуы Орындаушыны Келісім-шарт бойынша, оның ішінде өндірістік және еңбек тәртібін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі ережелерін (ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, өткізу режимін, жатақханаларда тұру қағидаларын және т.б.) бұзғаны үшін материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші бірлесіп орындаушы тарапынан Орындаушымен жасалған шартты бұзуына байланысты талаптар қоюға құқылы;

4.1.23. Егер Тапсырыс беруші Орындаушыдан Орындаушының немесе қосымша орындаушының қызметкерін қызмет көрсету процесінен шеттетуді сұраса және объективті себептерді көрсетсе, Орындаушы бұл тұлғаны қызмет көрсету процессінен 72 сағат ішінде шеттетуге және Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті. Осыдан кейін аталмыш тұлға Келісім-шарт бойынша қызмет көрсетуге қатыспауға тиіс;

4.1.24. Келісім-шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдар, жабдықтар, көлік және арнайы техника Тапсырыс берушімен келісілгеннен кейін ғана пайдаланылады және жұмысқа енгізіледі;

4.1.25. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, қосалқы бөлшектердің, құрамдас бөліктердің, конструкциялардың және жабдықтардың сапасына толық жауапкершілік алады. Егер олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкес келмесе, Орындаушы оларды өз есебінен ауыстырады және/немесе ақауды жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күн ішінде жояды;

4.1.26. Орындаушы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды жүргізеді, кемшіліктерді алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдайды;

4.1.27. Орындаушы Келісім-шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көліктің және арнайы техниканың, соның ішінде қызмет көрсету орнына ұзақ уақыт орналастырылғандардың, Тапсырыс берушінің аумағында, соның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында сақталуын өз есебінен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, Орындаушы қызмет нәтижесінің Тапсырыс беруші қабылдағанға дейінгі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті;

4.1.28. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкін сақтау;

4.1.29. Тапсырыс берушінің аумағында табылған, тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да қызығушылық тудыратын, сонымен қатар құнды заттар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету және оларды акт бойынша Тапсырыс берушіге тапсыру. Барлық табылған заттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.30. Орындаған қызметтер туралы Тапсырыс берушіге дәл және толық ақпарат ұсыну, қызметтердің жинақтық ведомостарын жүргізу, барлық орындаушы және есеп беру құжаттарын сақтау;

4.1.31. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар, алымдар және басқа да төлемдерді төлеу;

4.1.32. Шот-фактуралар мен қызмет көрсету актілерін уақытында ұсыну;

4.1.33. Көрсетілетін қызметтердің тиімділік деңгейін Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық сипаттама талаптарынан төмен емес деңгейде қамтамасыз ету;

4.1.34. Қызмет көрсету кезінде туындайтын тәуекелдерді өз қаражатына сақтандыру, оның ішінде, бірақ тек осыған шектелмей, қызметкерлерді өндірістік апаттардан және кәсіби аурулардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру, сондай-ақ қоршаған ортаға зақым келтірумен байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды жою шығындарын және үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қамту;

4.1.35. Тапсырыс берушінің аумағында Келісім-шарт талаптарын, өндірістік, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық талаптарды, сонымен қатар еңбек қатынастары саласындағы талаптарды, оның ішінде Келісім-шартқа тіркелген №6 Қосымшада көрсетілгендерді сақтау; қызметтерді Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау реттеуші құжаттарына сәйкес көрсету; Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларын өз қаражатына қамтамасыз ету; қызмет көрсету барысында жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамау үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алу. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда Орындаушыға Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның қызметтер көлемі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тек Тапсырыс беруші қабылдайтын қызметтерге шектелуі мүмкін, бұл жағдайда Орындаушы қызметтерді дұрыс және уақытында орындамағаны үшін жауапкершілікті көтереді;

4.1.36. Келісім-шарт бойынша қызмет көрсету кезінде жасалған бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алу; Орындаушы мен/немесе оның қосалқы орындаушылары тарапынан заң бұзушылықтар үшін Тапсырыс берушіге салынған барлық санкциялар мен айыппұлдарды толық өтеу; экологиялық, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өндірістік және өрт қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкелген бұзушылықтарды өтеу; экологиялық зардаптарды толық жою, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

4.1.37. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Орындаушының/бірлесіп орындаушының қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау мақсатында аудитті (ішкі бақылауды) жүйелі түрде жүргізу;

4.1.38. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болатын рұқсат құжаттарын алуымен байланысты барлық шығындарды өз қаражатына көтеру (қажет болған жағдайда) және уәкілетті органдардың талаптарымен байланысты шығыстарды қамтамасыз ету, соның ішінде, бірақ тек осыған шектелмей: - көрсетілетін қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар; - құралдар, жабдықтар, технологияларға қатысты кез келген патент иелері мен лицензия алушылардың құқықтары мен артықшылықтары, сондай-ақ оларды пайдалану немесе өндіру құқықтарына байланысты талаптар, бұл қызметтерді көрсету барысында немесе нәтижесінде туындауы мүмкін. Орындаушы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Келісім-шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажет болатын басқа рұқсат құжаттары, соның ішінде аурулардың эпидемиологиялық таралуымен күрес іс-шараларымен байланысты құжаттар.

4.1.39. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Келісім-шартты орындауға қатысты кез келген (дәл) ақпаратты және құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде, бірақ шектелмей: көрсетілетін қызметтердің орындалуына қатысты әрекеттердің мәртебесі бойынша ақпарат пен растайтын құжаттарды (мысалы, Орындаушының көрсетілетін қызметтер үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелері және т.б.); Орындаушының (қосымша орындаушылардың) қызмет ететін персоналының біліктілік құрамы туралы ақпарат; көрсетілетін қызметтерге тартылған көлік, арнайы техника, жабдықтар және олардың құқықтық және рұқсат құжаттары, қолданылатын құрылыс және басқа да материалдар, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігі. Орындаушы Тапсырыс берушіден жазбаша талап алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеу және декларациялауын растайтын барлық қажетті құжаттарды, соның ішінде 300.00 салық есептемесінің нысаны (СЕН 300.00) және салық органы СЕН 300.00 қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламаны ұсынуға міндетті. Ақпаратты ұсынудың сипаты, көлемі және формасы (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші тарапынан анықталады.

4.1.40. Қызмет көрсетуді тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін, Тапсырыс берушінің нұсқауларын алғанға дейін қызмет көрсету процесін тоқтату қажет, егер төмендегілер анықталса: а) Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету тәсіліне қатысты берген нұсқауларының орындалуы Тапсырыс берушіге ықтимал жағымсыз салдар әкелуі мүмкін болса; б) Қызметтің теріс нәтижесі немесе одан әрі көрсету тиімсіз болып табылса; с) Орындаушыға тәуелсіз басқа да жағдайлар, олар көрсетілетін Қызметтің сапасына немесе жарамдылығына қауіп төндірсе немесе оны уақытында орындау мүмкіндігін болдырмаса. Қызмет көрсетуді жалғастырудың тиімділігі туралы мәселе Тапсырыс берушіге Қызмет көрсетуді тоқтату туралы хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тараптар тарапынан шешіледі;

4.1.41. Келісім-шарт қа қол қойылған күннен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде қызмет көрсетуге тартылатын барлық көлік құралдарын техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жабдықтау. Орындаушының көліктеріне орнатылатын GPS терминалдар Тапсырыс берушінің біртұтас GPS мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес болуы қажет (техникалық шарттар Орындаушының сұранысы бойынша Тапсырыс беруші тарапынан беріледі). Аталған тармақ талаптарына сәйкес келмейтін көліктерге Тапсырыс берушінің кен орындарына кіруіне тыйым салынуы мүмкін, бұл жағдайда Орындаушы Келісім-шарт бойынша қызметті тиісті сапада және мерзімінде орындамағаны үшін жауапты болады;

4.1.42. Қызметтер нәтижелері бойынша Тапсырыс берушіге берілген нәтижелерге үшінші тұлғалардың ерекше немесе басқа құқықтарының және солар бойынша ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген Қызмет нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне ерекше құқықтарды Тапсырыс берушіге беруі міндетті;

4.1.43. Орындаушының (немесе бірлесіп орындаушының) қызметкерлерінің Келісім-шарт бойынша қызмет көрсетуге қатысы жоқ Тапсырыс беруші аумағында қозғалуына жол бермеу;

4.1.44. Өз қаражатына орындаушының/бірлесіп Орындаушының қызметкерлерін ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткізуді және тапсырыс берушінің Келісім-шарттық аумағында уақытша құрылымдар (ауысымдық лагерьлер) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз ету. Қауіпсіздік талаптарына бейнебақылау жүйесінің болуы, күзет қызметінің немесе қауіпсіздік үшін жауапты адамның болуы кіреді;

4.1.45. Егер Келісім-шарт Қазақстан Республикасында қолданылатын жобалау құжаттары, сметалық есептер, жұмыс сызбалары және нормативтік актілерге сәйкес қызметтер көрсетуді көзделсе, Орындаушы осы құжаттарда көрсетілген талаптарды толықтай орындауға міндеттенеді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.46. Келісім-шарт бойынша қызметтер аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Келісім-шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық заттарды (қағаз және электрондық тасымалдағыштағы ақпарат, құжаттама, сызбалар мен жоспарлар және т.б.) қайтару;

4.1.47. Қызметтерді көрсету үшін қажетті отандық тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасында өндірілсе, сатып алу;

7.4.3. Тапсырыс берушінің Қызметтерді қабылдауды кешіктіруі жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушіден орындау мерзімінде төленбеген міндеттемелердің жалпы сомасының әрбір күндік кешігуі үшін 0,1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап ету құқығына ие, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайды;

7.4.4. Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуге арналған кепілдікті қайтару кешігсе, Тапсырыс беруші Орындаушыға кепілдік сомасының 0,1%-і мөлшерінде айыппұл төлейді, әрбір күн кешігу үшін, бірақ кепілдік сомасының 10%-ынан аспайды;

7.4.5. Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, әрбір күн кешігу үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайды;

7.4.6. Егер Тапсырыс берушінің құжаттарды беруін негізсіз кешіктіру жағдайы болса (егер Келісім-шарттың шарттары бойынша Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсету үшін құжаттар беруі қажет болса), нәтижесінде Орындаушы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктірілгендіктен туындаған зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіруді талап етуге құқылы, сондай-ақ Қызмет көрсету мерзімін мұндай кешіктіруге пропорционалды түрде ұзарта алады, Келісім-шарттың шарттарына өзгеріс енгізбей.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Тұрақсыздық айыбын төлеу Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған сәйкес жазбаша хабарлама және төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Орындаушы келіседі, Тапсырыс беруші Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін жолдаған шотты тараптар арасындағы есеп айырысу актісіне енгізуге болады, бұл орындаған Қызметтерге және тұрақсыздық айыбын төлеуге байланысты бір-біріне қарсы салынатын талаптарды есепке алу мақсатында жасалады.

7.7. Егер Орындаушы дәлелдесе, Қызметтерді уақытында орындамау немесе Орындаушының барлық немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болған жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/талап етпеуге құқылы.

7.8. Келісім-шарттың 7-бөлімінде көрсетілген бір немесе бірнеше жағдай туындаған кезде, Тапсырыс беруші бірнеше айыптық санкцияларды бір уақытта шектеусіз қолдануға құқылы.

7.9. Орындаушы өз міндеттерін Келісім-шартқа сәйкес орындамағанда, Тапсырыс беруші Орындаушы туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ Сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізу үшін уәкілетті сатып алу органына белгіленген тәртіппен жолдайды.

7.10. Орындаушы өз міндеттерін Келісім-шартқа сәйкес орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Орындаушының міндеттерін орындамағаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбы және туындаған шығын сомасын, Келісім-шарт бойынша ұсынылған орындалуды қамтамасыз ету кепілдігінен ұстап қалуға құқылы.

7.11. Келісім-шарт әрекеті тоқтатылған жағдайда және Қызметтер нақты орындалған сома Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз болса, Тапсырыс беруші аванстық қайтару кепілдігінен тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.12. Орындаушы Тапсырыс берушіге Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе дұрыс орындамау салдарынан келтірілген нақты зиян мен алынбаған пайданы Тапсырыс берушіге өтеу үшін, сондай-ақ осы сомаларды осы Келісім-шарт бойынша төлемге жататын және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы басқа да келісім-шарттардан ұстап қалуға келіседі.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.3.1. Қызметтердің негізді тиімсіздігіне байланысты, яғни:

8.3.1.1. Тапсырыс берушінің шығындарының төтенше жағдай немесе экономиканың басқа да теріс құбылыстарымен байланысты қысқаруы жағдайында;

8.3.1.2. Өндірістік қажеттіліктің жоқ болуы жағдайында, Тапсырыс берушінің коллегиялық атқарушы органы/бақылау кеңесінің шешімі бойынша (егер коллегиялық атқарушы орган/бақылау кеңесі жоқ болса – басқару органы/жоғарғы орган (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімі негізінде).

8.3.2. Келісім-шарт Орындаушының банкрот деп жариялануы, төлем қабілетсіз деп танылуы, сондай-ақ Қызметтерді орындау құқығына арналған рұқсат қағаздарының (лицензиялардың) тоқтатылуы немесе болмауы, соның ішінде Орындаушыға Қызмет көрсетуге құқық бермейтін басқа да құжаттардың болмауы жағдайында дереу тоқтатылады. Осы тармақтың қолданылуы Тапсырыс беруші тарапынан сот актілері, сот орындаушыларының шешімдері негізінде де жүзеге асырылуы мүмкін, олар Орындаушының Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейді.

8.4. Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберіледі, ол Келісім-шартты тоқтату болжанған күннен кемінде 10 (он) күн бұрын жеткізілуі тиіс. Хабарламада Келісім-шартты тоқтату себебі көрсетілуі, жойылатын келісім-шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Келісім-шартты тоқтату күшіне енетін күні белгіленуі тиіс. Жоғарыда аталған жағдайлар негізінде Келісім-шарт тоқтатылған жағдайда, Орындаушы тек Келісім-шартты орындауға байланысты нақты шығындарды төлеуді талап етуге құқылы, тоқтату күніне дейінгі шығындар көлемінде.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіппен көзделген басқа жағдайларда Тараптардың келісімімен тоқтатылуы мүмкін.

8.8. Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіпте орындаудан бас тартуға құқылы, егер Орындаушы және оның қосалқы орындаушылары (қосалқы мердігерлер) Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарының еңбекақы төлеу саласында кемсітуге жол берген жағдайда (Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды толық өтеу арқылы), сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін өз қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл ережелерінің 2 және 3 бөлімдерін бұзу жағдайларында.

9. Хат-хабар

9.1. Осы келісім-шарттың шарттарына сәйкес жазбаша түрде ресімделуі тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол тапсырылуы не тапсырыс хатпен пошталық хабарламамен, факс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс, әрі факс немесе электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуы қажет. Бұл талап уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылып, Орындаушының ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабарға қолданылмайды. Егер келісім-шартта Орындаушының электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған жағдайда, Орындаушының ресми электрондық мекенжайы ретінде Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай есептеледі. Осы келісім-шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін барлық хат-хабар құжаттарында тараптардың деректемелері және келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс. 9.2. Электрондық пошта және (немесе) тапсырыс пошта, курьерлік пошта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (одан ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) оны тапсыру фактісі тіркелген сәттен бастап жеткізілген болып есептеледі. 9.3. Тапсырыс (авиа) хат арқылы жіберілген хабарлама пошталық бөлімшенің немесе курьерлік қызметтің жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі. 9.4. Тараптар заңды мекенжайына, нақты орналасқан жеріне және банктік деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-бірін дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Келісім-шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өздерінің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.1.1. Келісім-шарттың басқа шарттарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органымен мәмілені бекіту немесе келісім жасау туралы шешім қабылдау қажет болса, Келісім-шарт мұндай шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді. Егер мұндай

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шешім Тараптардың уәкілетті органдарымен қабылдануы қажет болса, Келісім-шарт шешім қабылданған соңғы күндердің бірінде күшіне енеді.

10.2. Келісім-шарттың 10.1-тармағында көрсетілген шарттарға қарамастан, егер Орындаушы өзара есеп айырысу тұрғысынан Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Келісім -шарт 10.1-тармағында көрсетілген күннен бастап 3 (үш) айға жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады, егер мұндай орындамау форс-мажор мән-жайларының (су басу, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе соғыс қимылдары, диверсия, терроризм, Қызметтерді көрсетуге тыйым салатын немесе оны қандай да бір түрде қиындататын мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болған жағдайда, бұл мән-жайлар Тараптардың еркінен тыс орын алып, Тараптардың кез келгенінің Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпейтін болса. 11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, Тараптардың кез келгені олардың туындаған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Аталған мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс. 11.3. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлардың әрекет ету уақытына соразмерлі түрде ұзартылуға жатады. 11.4. Осы Келісім-шарттың 11.2-тармағында көзделген тәртіпте хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген мән-жайларды міндеттемелерді орындамау үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. 11.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі Тараптар үшін 2 (екі) айдан астам уақыт сақталса, Тараптар Келісім-шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Келісім-шарт шеңберінде Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Мұндай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Келісім бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені дауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жеріндегі сотқа беруді талап етуге құқылы. Осы Келісім-шартта көзделмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.8. Орындаушы келесі мәлімдемелер мен кепілдіктерді сақтауға міндеттенеді: - мемлекеттік органмен байланысты тұлға болып табылады/емес және оның құрамында саяси тұрғыдан маңызды тұлғалар – лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей және жанама иелері бар/жоқ. Орындаушы саяси маңызды тұлға Орындаушының лауазымды адамы немесе қызметкері болған немесе Орындаушыда тікелей немесе жанама үлес алған барлық жағдайлар туралы тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - заңды экономикалық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған, заңсыз мақсаттарға арналмаған және қаржыландырудың тек заңды көздері бар; - Орындаушы және оның байланысқан тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты ешқандай заңсыз әрекеттер үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылмаған. Орындаушы немесе оның байланысқан тұлғалары мұндай құқыққа қарсы әрекеттер үшін сотталған немесе кінәлі деп танылса, тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - Орындаушы «КазМунайГаз» (КМГ) ҰҚ АҚ-ның іскерлік этика кодексімен және тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында жарияланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқанын растайды. Орындаушы КМГ іскерлік этика кодексін және тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын толық түсінетінін растайды.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы бөлім құпия ақпаратты сот органдарының сұрауы бойынша, Келісім-шарт тақырыбына қатысты соттық іс жүргізу барысында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптары бойынша ашу жағдайларына қолданылмайды.

14.4. Тапсырыс беруші кез келген ақпарат немесе құжатты беруден бас тарта алады. Тараптар бұл ақпараттың құпиялығын өз қызметкерлері, өкілдері, агенттері арқылы сақтау үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауы керек. Орындаушы өз қызметкерлері, өкілдері немесе контрагенттері арқылы құпия ақпараттың ашылуына жауапты. Тапсырыс берушінің талабына сәйкес, Тараптар құпия ақпаратты жарияламау туралы тиісті келісімге қол қоюға міндетті.

15. Санкциялық ескертпе

15.1. Тараптар осы Келісім-шартты Орындаушының кепілдіктеріне сүйене отырып және Орындаушы өз қызметін экономикалық санкциялар туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, оны бұзбай жүзеге асырғанына, жүзеге асырып жатқанына және болашақта да жүзеге асыра беретініне адал сеніммен жасайды. Осы Келісім жасалған күнге Орындаушы экономикалық санкциялар туралы заңнаманы сақтау мен сақтауға ынталандыруға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді енгізгенін және қолдап отырғанын растайды. Экономикалық санкциялар деп АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы, не АҚШ Үкіметінің кез келген өзге органы, департаменті немесе агенттігі, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе Еуропалық одаққа мүше кез келген мемлекет әкімшілік ететін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсініледі. Орындаушы төмендегілерге кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді, яғни: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, сондай-ақ Орындаушының барлық акционерлері немесе кез келген акционері санкцияларға ұшыраған тұлғалар болып табылмайды және Еуропалық одақтың, және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген тұлғалар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шоттарды ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған не қатаң шарттар қойылған шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN тізіміне кірмейтін, бірақ санкция қолданылатын тұлғалар тізімі) санкциялық тізімдеріне енгізілмеген, оларды АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) немесе экстерриториялық қолданысы бар кез келген өзге де санкциялық тізімдер әкімшілендіреді; (b) Келісім-шартты жасасу және (немесе) оны Орындаушының орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (c) Орындаушы осы Келісім-шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға тиіс болған күні және оны осы Келісім-шартқа сәйкес нақты орындаған күнге дейін Орындаушының осы Келісім-шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын шоттары, оның ішінде өз шоттары мен корреспонденттік шоттары, Еуропалық одақтың қаржылық санкциялары аясында активтерді бұғаттау және оларға қаражат пен экономикалық ресурстарды ұсынуға тыйым салу режимі қолданылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың Жиынтық тізіміне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды іске асыру басқармасының қаржылық санкциялар объектілерінің Жиынтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе тікелей

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

төлем шотын ашуға не жүргізуге тыйым салынған немесе бір не бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) тізімдеріне енгізілген банктерде немесе қаржы ұйымдарында ашылмаған және орналаспаған, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілік ететін аталған тізімдерге кірмейді; (d) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкциялармен тыйым салынған кез келген тұлғамен немесе ұйыммен қандай да бір мәмілелерге немесе мәміле жасауға қатыспайды және қатыспайтын болады, сондай-ақ мұндай мәмілелер кез келген тұлға тарапынан Экономикалық санкцияларды бұзады деп негізді түрде болжанатын немесе Санкцияға ұшыраған тұлғалардың пайдасына пайдаланылатын не жұмсалатын мәмілелер болып табылмайды; (e) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкцияға ұшыраған тұлғалармен немесе олардың пайдасына (оның ішінде кез келген жылжымайтын мүлікке қатысты), не Санкция салынған аумақта, немесе Иран мұнайының, мұнай өнімдерінің не мұнай-химия өнімдерінің қатысуымен жасалатын кез келген келісімдерді, мәмілелерді, уағдаластықтарды немесе құқықтық қатынастарды қаржыландырмайды және қаржыландыруға жәрдемдеспейді және жәрдемдеспейтін болады; (f) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкциялардың бұзылуына кез келген өзге тәсілмен әкеп соқтырмауға және Экономикалық санкциялардың [Қор] немесе кез келген үшінші тұлғалар тарапынан бұзылуына ықпал етпеуге тиіс; (g) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкция салынған аумақта орналаспаған, мұнда Санкция салынған аумақ деп Экономикалық санкциялар қолданылатын мемлекеттің аумағы түсініледі, егер мұндай аумақта орналасу Экономикалық санкциялардың бұзылуына әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (h) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларға байланысты бұғатталған немесе оған тыйым салынған мүлікке қатыспайды, сондай-ақ мұндай мүлікте үлесі немесе мүліктік мүддесі жоқ, егер осындай бұғаттау немесе тыйым салу Экономикалық санкциялардың бұзылуына әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (i) Осы Келісім-шартты Орындаушы атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақ және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы тағайындалған азаматтар мен блокталған тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе төлем шотын ашуға/жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шартқа бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN негізінде жасалмаған санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарушы санкциялық тізімдеріне және басқа кез келген экстерриториялық әрекеті бар санкциялық тізімдерге кірмегенін қамтамасыз етеді. 15.2. Егер Орындаушының осы Келісім-шарттың 15.1 тармағында көрсетілген кез келген кепілдіктері Орындаушы тарапынан қамтамасыз етілмесе немесе жалған, сенімсіз және (немесе) дәл емес болып шықса, Орындаушы Тапсырыс берушіге 15.1 тармағында көрсетілген міндеттемені орындамауынан немесе осы кепілдіктің сенімсіздігі мен дәл еместігінен туындаған немесе байланысты тікелей және (немесе) жанама шығындарды Тапсырыс берушінің талабы бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндетті. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші осы негіздер бойынша осы Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындамаудан бас тарта алады. 15.3. Егер Келісім-шартқа қол қойылған күннен кейін жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе кез келген қолданыстағы Санкциялық актқа өзгерістер енгізілсе, немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органы ресми түсіндірмелер немесе шешімдер қабылдауы нәтижесінде қолданыстағы Санкциялық акттың ауқымы кеңейсе немесе өзгеше өзгерсе («Жаңа Санкциялар»), және бұл Жаңа Санкциялар: (a) Тараптың ақылға қонымды және негізделген пайымдауынша, екінші Тараптың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін; және (немесе); (b) Тарап үшін қаржыландыру көздеріне ұзақ мерзімді қол жеткізуді немесе тікелей және (немесе) жанама шығындарды алу мүмкіндігін мүмкін емес немесе қиындатуы мүмкін; және (немесе); (c) өнім жеткізу немесе қызмет көрсету үзілісіне немесе бұзылуына әкелуі мүмкін; (d) Жаңа Санкциялар нәтижесінде кез келген Тараптың маңызды кредиттік келісімдеріндегі міндеттемелерді (ковенанттарды) орындауын мүмкін еместей немесе елеулі түрде қиындатуы мүмкін; және (немесе); (e) осындай Тараптың несие рейтингісінің төмендеуіне әкелді немесе бұл рейтингтің төмендеуі ықтимал болып, тиісті рейтинг агенттігімен жазбаша расталған болса, (барлығы – «Жаңа Санкциялар салдары»), осындай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 5 күн ішінде басқа Тарапқа дереу жазбаша хабарлау міндетті (осы бапта қарастырылған әрбір хабарлама – «Санкциялар туралы хабарлама») және осы санкциялардың оған әсерін растайтын ресми құжаттарды қосуы тиіс. 15.4. Санкциялар туралы хабарламаны ұсынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Тараптар Жаңа Санкциялардың Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықтимал әсерін, сондай-ақ Жаңа Санкциялардың теріс әсерін алдын алу немесе азайту мақсатында заңды және ақылға қонымды шараларды, соның ішінде осы Келісім-шартқа өзгерістер енгізу, тиісті юрисдикцияның уәкілетті мемлекеттік органынан рұқсат/лицензия алу мәселелерін әдепті түрде талқылау және өз позицияларын келістіру үшін кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді («Әдепті келіссөздер»). 15.5. Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша Тараптар өзара қолайлы шешімге келген жағдайда, Тараптар келісілген шараларды жүзеге асыру үшін 5 (бес) күн ішінде немесе өзара келісілген басқа мерзімде ақылға қонымды күш-жігер көрсетеді; осындай шаралар Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды осы Келісім-шартты орындауға қолдануды болдырмайтындай түрде жүзеге асырылуы мүмкін. 15.6. Егер Тараптар бірінші Адал келіссөз жүргізілгеннен кейін 5 (бес) күн ішінде келісімге келе алмаса, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылған немесе Жаңа Санкциялардан туындаған салдарға ұшыраған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге келмеу туралы хабарлама («Келіспеушілік туралы хабарлама») жолдауға құқылы болады. Мұндай Келіспеушілік туралы хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзу және туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап ету құқығына ие. 15.7. Жоғарыда көрсетілген ережелерді шектемей, Тараптар келіседі, егер осы Келісім-шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларында немесе (валютаны көрсету) төлеу Жаңа Санкциялар салдарынан Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптар өзара келісімі бойынша өзге жолмен мақсатқа сай емес болып табылса, 15.8-баптағы ережелер басымдылықпен қолданылуы тиіс. Бұл жағдайда Тараптар ақылға қонымды пікірге сүйене отырып, төлемді балама валютада жасау Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берсе, 15.5 және 15.6 тармақтарының ережелері қолданылмайды. 15.8. Тараптар осы халықаралық банктік жүйедегі белгісіздікті ескере отырып, осы Келісім бойынша АҚШ долларында немесе кез келген басқа валютада төлемдерді жүзеге асыру кез келген уақытта заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша мердігер үшін орындау мүмкін емес болып қалған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға бұл туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді, және Тараптар мұндай төлемді жүзеге асыру үшін баламалы валютаны («Баламалы валюта») және төлемді қабылдайтын Тараптың банк шотының деректерін бірлесіп жазбаша түрде келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді сәтті жүзеге асыру үшін бір-біріне барлық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қажетті және орынды көмек көрсетуге міндеттенеді. 15.9. Егер осы Келісім-шартта басқа көрсетілмесе, осы Келісім-шартта көрсетілген, төлемдер мен есептеулер жүргізілетін сомалар, оның ішінде 15.8-тармақты қолданған жағдайда, теңге, рубль немесе басқа валютада көрсетілген, есептелген немесе анықталған болса, Тараптар келіседі, мұндай төлемдер мен есептеулерді АҚШ долларында жүргізу мақсатында көрсетілген сомалар АҚШ долларына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тиісті төлем немесе есептеу күніне арналған айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі (төлем немесе есептеу мерзіміне сәйкес күн) немесе, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз веб-сайтында (www.nationalbank.kz) сәйкес валюталардың бағамы туралы ақпарат жарияламаса, Тараптармен келісілген басқа мемлекеттің ұлттық банкі бағамы бойынша төлем немесе есептеу күніне қайта есептеледі (төлем немесе есептеу мерзіміне сәйкес күн). 15.10. Келісім-шарттың жалпы мерзіміне қарамастан, санкциялық міндеттемелер бойынша Келісім-шарттың күші Келісім-шарт тоқтатылғаннан, орындалудан бас тартылғаннан, жарамсыз деп танылғаннан, мерзімі аяқталғаннан немесе Келісім-шарт толық тоқтатылғаннан кейін де толық сақталады.

16. Өзге шарттар

16.1. Осы келісім-шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалып, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның электрондық сатып алулар веб-порталы (https://zakup.sk.kz/) арқылы тараптардың уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен қол қою жолымен жасалды және қағаз тасымалдағышта қол қойылған келісім-шартпен тең заңды күшке ие. Келісім-шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, келісім-шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

16.2. Осы Келісім-шартқа енгізілетін барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде ресімделіп, 16.1-тармақтың шарттарына сәйкес тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрде қол қойған жағдайда, осы келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

16.3. Орындаушы қызметтерді көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалды өтеуге байланысты талаптар мен талап-арыздардан Тапсырыс берушіні қорғайды, сондай-ақ Келісім-шартты орындау барысында және соның салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалдармен немесе шығындармен, өзінің қызметкерлерінің мүлкі мен денсаулығына келтірілген зиянмен, сондай-ақ өзінің қызметкерлерінің қаза болуымен байланысты барлық тәуекелдер үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

16.4. Осы Келісім-шартта көзделмеген жаңа міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын тараптар арасындағы кез келген уағдаластық тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және 16.1-тармақтың шарттарына сәйкес электрондық түрде ресімделген қосымша келісім түрінде расталған жағдайда ғана жарамды болып есептеледі.

16.5. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және сол заңнамаға сәйкес реттеледі. Келісім-шарттың шарттарын орындау барысында тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

16.6. Тараптардың ешқайсысы басқа тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз келісім-шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

16.7. Келісім-шарт пен оның қосымшаларының мәтіндерін түсіндіру барысында қандай да бір айырмашылықтар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Келісім-шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

16.8. Екі тарап қол қойған және тараптардың мөрімен расталған келісім-шарттың сканерленген көшірмесі Орындаушы тарапынан жіберілген жағдайда, егер келісім-шартта алдын ала төлем көзделген болса, ол алдын ала төлемді жүзеге асыруға негіз болып табылады.

16.9. Осы Шартқа қол қою арқылы Орындаушы оның барлық талаптарын қабылдайды және олардың тиісінше әрі толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

16.10. Осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшалар: 1) № 1 Қосымша – «Сатып алынатын қызметтердің тізімі»; 2) № 2 Қосымша – «Техникалық сипаттама»; 3) №3 Қосымша – «Елішілік құндылық үлесін нақты есептеу нысаны»; 4) № 4 Қосымша – «Қызметтерді көрсету актісінің нысаны». 5) № 5 Қосымша – «Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі»; 6) № 6 Қосымша – «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері»; 7) № 7 Қосымша – «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өз объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидалары»; 8) № 8 Қосымша – «Қызметтерді орындау кестесі»;

17. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

АҚ "Каражанбасмунай"
Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., 9А шағын аудан, 4 үй, 0
БСН 950540000524
БСК ATYNKZKA
ЖСК KZ239491100000355089
«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
Тел.: +7 (729) 247-3222

_____ _____

_____
_____
_____
БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
28 У	Жергілікті есесептік желілерге қызмет көрсету бойынша қызметтер, Барлық дәрежедегі жергілікті есептеуіш желілері (ЛВС) бойынша қызмет көрсету шараларының жиынтығы	Кен орнындағы Wi-Fi желісіне техникалық қызмет көрсету және қолдау бойынша қызметтер	1.000	1.000	-		6 240 000	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., Ақтау қ., мкр.9 А, БЦ Елес	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (=∑7(кесте 1)/5*100%)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Каражанбасмунай", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Исполнитель является лицом, зарегистрированным в соответствии с законодательством страны _____, номер налоговой регистрации: _____(данный пункт подлежит заполнению в случае, если Исполнитель является нерезидентом Республики Казахстан).

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) _____ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.1.1. Исполнитель не вправе требовать увеличения общей суммы Договора, в том числе и в случае, когда в момент заключения Договора исключалась возможность предусмотреть полный объем оказываемых Услуг или необходимых для этого расходов. Если обнаружен объем Услуг, который не учтен в Договоре, но необходим для завершения Услуг, Исполнитель своими силами и в наиболее возможно кратчайшие сроки выполнит данные услуги, не учтенные в приложениях к Договору, за счет непредвиденных расходов Исполнителя без увеличения договорной суммы. В любом случае у Исполнителя не возникает права требования от Заказчика возмещения затрат, израсходованных на выполнение вышеуказанного обнаруженного объема услуг.

2.1.2. В случаях, когда фактические расходы Исполнителя оказались меньше тех, которые учитывались при определении цены (составлении сметы), и полученная Исполнителем экономия не повлияла отрицательно на качество оказанных Услуг, Заказчик вправе требовать распределения такой экономии между Сторонами поровну.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.3.1. Для договоров, по которым предусмотрена Промежуточная оплата:

